


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ  
МИНИСТРЛІГІ


«БОЛАШАҚ УНИВЕРСИТЕТІ

КЕЛІСЕМІН

«Болашақ»  
университетінің оқу-  
ғылыми жұмыстар  
жөніндегі проректоры  
 Г.А. Жусупова


« 31 » 08 2021 ж.

БЕКІТЕМІН

«Болашақ»  
университетінің  
ректоры, т.ғ.к. 

К.К. Дауренбеков

« 31 » 08 2021 ж.



«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
СТУДЕНТТЕР ҮЙІ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН  
ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ

Қызылорда, 2021 жыл

# **«БОЛАШАҚ» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ СТУДЕНТТЕР ҮЙІ ТҰРҒЫНДАРЫ ҮШІН ІШКІ ТӘРТІП ЕРЕЖЕСІ**

## **I. СТУДЕНТТЕР ҮЙІНЕ КІРУ ЖӘНЕ ШЫҒУ ТӘРТІБІ:**

1. Студенттер үйіне кіру әкімшілікпен арнайы берілген рұқсатнамамен жүзеге асырылады.
2. Студенттер үйіне орналасу үшін студенттер медициналық байқаудан өтеді.
3. Орналасқаннан кейін орналасушы Студенттер үйінің ішкі ережелерімен, келісім-шарттарымен танысып, оған қол қояды.

## **II. СТУДЕНТТЕР ҮЙІНДЕ ТҰРҒЫНДАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ:**

1. Тұрғын Студенттер үйінің төлем ақысын ай сайын алдын ала [kasper.kz](http://kasper.kz) қосымшасы арқылы төлеп, түбіртектің көшірмесін студенттер үйінің комендантына өткізеді;
2. Тұрғын Студенттер үйінде қоғамдық, ішкі тәртіпті, тазалықты сақтайды;
3. Жаңа тұрғын Студенттер үйінде тұрудың қауіпсіздік ережесімен танысып, қол қояды және оны мүлтіксіз орындайды;
4. Тұрғын өз бөлмесіндегі жиһазды тізім бойынша дұрыс пайдалануға жауапты. Жиһаз бүлінген жағдайда орнын толтырады;
5. Оқу залындағы техникалық құралдарды, оқулықтарды, бөлмелерінде тұрмыстық заттарды (тоңазытқыш, эл.плита, шкаф, орындық, үстел және т.б.) белгіленген ереже бойынша қолдануға;
6. Жуылған киімдерді бөлме жиһаздарына және есіктеріне ілуге тыйым салынады;
7. Студенттер үйі сағат 22.00-де жабылады, осы уақытқа дейін әр бір тұрғын кешікпей бөлмелеріне кіруге міндетті;
8. Ұйқыға жату уақыты сағат 23.00-де;
9. Студенттер үйінің тұрғының белгілі себептермен түнемейтін жағдайда, өзі баратын мекен-жайды, телефонын толық көрсете отырып, күзетшіден сұранады және сұрану журналына қол қояды.
10. Студенттер үйінен шығар уақытта бөлме кілтін міндетті түрде күзетшіге өткізеді;
11. Әр аптаның жұмасында бөлмелерге толық тазалық жұмыстары жасалуы тиіс;
12. Бөлмеде және Студенттер үйі ауласында ішімдік ішуге, темекі шегуге, өзге де зиянды заттарғы қолдануға тыйым салынады;
13. Бөлмеге Студенттер үйінің тұрғынынан бөгде адамдардың кіруіне рұқсат берілмейді.
14. Студенттер үйіне кіріп-шығу арнайы карточкамен турникет арқылы жүзеге асырылады.

## **III. ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ:**

1. Университет және колледж оқытушылары, қызметкерлері мен студенттері университет ректорының рұқсатымен, төлем ақысын алдын ала kaspi.kz қосымшасы арқылы төлеп, Студенттер үйінде орын алуға құқылы.
2. Оқу залындағы техникалық құралдарды, тренажер залын, оқулықтарды, бөлмелерінде тұрмыстық заттарды (тоңазытқыш, эл.плита, шкаф, орындық, үстел және т.б.) қолдануға құқылы.
3. Студенттер үйінен ұзақ мерзімге кету кезінде (ауырып калу, демалыс) вахтерларды ескертіп, құнды заттарды тапсырып кету.

#### **ІҮ. СТУДЕНТТЕР ҮЙІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:**

1. Студенттер үйінің тізімінде жоқ бөтен кісілерді кіргізуге, қондыруға болмайды;
2. алкогольді және нашакорлық жағдайда Студенттер үйіне келуге;
3. басқа бөлмелерге коменданттың рұқсатынсыз көшуге;
4. Студенттер үйінің жайларында шылым шегуге;
5. терезеден қоқыстарды лақтыруға;
6. терезеге сөмкелерді және заттарды ілуге;
7. музыканың дауысын қатты шығаруға;
8. басқа тұрғындарға және қызметкерлерге бопсалауға, қатігездік көрсетуге;
9. 22.00-ден 06.00-ге дейін ән салуға, радиоқабылдағыштардың, теледидардың дыбысын қатты қосуға және тұрғындар демалысына бөгет жасауға;
10. Өз қалауымен бөлмелердің кілттерін ауыстыруға;
11. Тұрғын емес жайларға өз бетімен кіруге тыйым салынады.

#### **Ү. БЕЛГІЛЕНГЕН ТӘРТІПТЕРДІ БҰЗҒАН ҮШІН МЫНАДАЙ ЖАЗАЛАР ҚОЛДАНАДЫ:**

1. Ескерту;
2. сөгіс;
3. қатаң сөгіс;
3. Студенттер үйінен шығару.

*Ғылыми кеңес отырысында қаралып, бекітілді.*

*№   1   хаттама «   31   »   08     2021   жыл*